

## Тіркелген жиынтық салық ставкасын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 7-58-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 19 мамырда N 14-15-59 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы N 16/113-IV Шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2009.02.19 N 16/113-IV Шешімімен.*

2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 394 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 7 мамырдағы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 және 2006 жылғы 23 қазандағы N 1016 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Тіркелген жиынтық салық ставкалары N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. N 2 қосымшаға сәйкес Шардара аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Р. Қарабаева*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Т. Бердібеков*

Шардара аудандық мәслихатының  
2008 жылғы 23 сәуірдегі  
N 7-58-IV шешіміне 1 қосымша

### **Тіркелген жиынтық салықтың базалық ставкаларының мөлшері.**

| N | Салық салу объектісінің атауы  | Тіркелген жиынтық салықтың базалық ставкаларының мөлшері ( айлық есептік көрсеткішпен) |
|---|--|--|
| 1 | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ұтыс ойын автоматы                          | 15   |
| 2 | Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ақшасыз ұтыс ойын автоматы | 20   |
| 3 | Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер   | 10   |
| 4 | Ойын жолы  | 55   |
| 5 | Бильярд үстелі   | 30   |

Ескертпе: тіркелген жиынтық салықтың базалық ставкаларының мөлшері салық салу объектісінің бір бірлігіне бір жылға белгіленген.

Шардара аудандық мәслихатының  
2008 жылғы 23 сәуірдегі  
N 7-58-IV шешіміне 2 қосымша

1. Аудандық мәслихатының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы "Тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" N 12-107-11 шешімінің (облыстық Әділет басқармасында N 457 тіркелген, 2002 жылғы 22 мамырдағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған);

2. Шардара аудандық мәслихатының 2003 жылғы 12 маусымдағы Шардара аудандық мәслихатының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 12-107-11 "Тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық Әділет басқармасында 2003 жылдың 16 қаңтардағы N 457 тіркелген (Оңтүстік Қазақстан облыстық Әділет басқармасында N 920 тіркелген, 2003 жылғы 25 шілдедегі аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған);

3. Шардара аудандық мәслихатының 2004 жылғы 22 қазандағы Шардара аудандық мәслихатының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 12-107-II "Тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" (Оңтүстік Қазақстан облыстық Әділет департаментінде N 1591 тіркелген, 2004 жылғы 10 желтоқсандағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған);

4. Шардара аудандық мәслихатының 2006 жылғы 18 қаңтардағы Шардара аудандық мәслихатының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 12-107-11 "Тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" (Шардара аудандық Әділет басқармасында N 14-15-19 тіркелген, 2006 жылғы 9 ақпандағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған);

5. Шардара аудандық мәслихатының 2006 жылғы 19 желтоқсандағы Шардара аудандық мәслихатының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 12-107-11 "Тіркелген жиынтық салық ставкаларын белгілеу туралы" (Шардара аудандық Әділет басқармасында N 14-15-34 тіркелген, 2007 жылғы 18-25 қаңтардағы аудандық "Өскен өңір" газетінде жарияланған).